"Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 421 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2023 жылғы 15 желтоқсандағы № 904 бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2025 жылғы 30 шілдедегі № 570 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ішкі істер министрінің 30.07.2025 № 570 бұйрығымен.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 30 сәуірдегі № 421 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11757 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының Бас қолбасшылығы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың көшірмесін мемлекеттік және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Ішкі істер министрі полиция* *Е. Саденов*

*генерал-лейтенанты*

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2023 жылғы " " ________
№ бұйрығына
қосымша

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2015 жылғы 30 сәуірдегі
№ 421 бұйрығымен бекітілген

## Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланында жанар және жағармай материалдары қызметінің табельдік техникалық құралдарымен және мүлкімен жабдықтаудың заттай нормалары

| № | Техникалық құралдардың атауы | Түрі, көлемі | Өлшем бірлігі | Бригада | Полк, Әскери оқу орны | Батальон (бөлім құқығында) | Жеке орналасқан бөлініс (батальон / рота) | Авиациялық база (эскадрилья) | Сақтау базасы (жанармай қоймасы) | Пайдалану мерзімі (жылмен) |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | **1 тарау. Отын құю жабдықтары** | | | | | | | | | |
| 1 | Электр қондырғысы бар отын тарату колонкасы | 2 жеңқұбыр, отынның 2 түрі | дана | 2 | 2 | 1 | - | 2 | 2 | 5 |
| | | 1 жеңқұбыр, отынның 1 түрі | дана | 4 | 4 | 2 | - | 4 | 4 | 5 |
| 2 | Контейнер типті автомай құю станциясы | | дана | 4 | 3 | 2 | 1 | 2 | 1 | 10 |
| | **2 тарау. Айдау құралдары** | | | | | | | | | |
| | Мотосорғы қондырғ | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | ысы *(министанция)* | | дана | 2 | 2 | 1 | - | 1 | 2 | 10 |
| 2 | ПСТ-100х1,5 типті құбырдың шартты диаметрі 100 миллиметр, ұзындығы 1,5 километр далалық қоймалық құбыр | | жинақ | - | - | - | - | 1 | 1 | 20 |
| 3 | Ашық түсті мұнай өнімдеріне арналған сорғы | | дана | 2 | 2 | 1 | - | 2 | 2 | 5 |
| 4 | Майға арналған қол сорғы | | дана | 4 | 4 | 3 | 3 | 4 | 4 | 5 |
| | **3 тарау. Сақтау құралдары** | | | | | | | | | |
| 1 | Темір резервуар | Р-50 метр3 | дана | - | - | - | - | 2 | 4 | 15 |
| | | Р-25 метр3 | дана | 4 | 4 | - | - | 12 | 20 | 15 |
| | | Р-10 метр3 | дана | 4 | 4 | 2 | - | 20 | 25 | 15 |
| | | Р-5 (4) метр3 *(және одан аз)* | дана | 4 | 4 | 2 | - | 4 | 4 | 15 |
| 2 | Темір бөшке | БС-200 литр | дана | 20 | 20 | 10 | 8/5 | 20 | 20 | 7 |
| 3 | Темір канистра | КС-20 литр | дана | 20 | 20 | 10 | 10/5 | 20 | 20 | 7 |
| | | КС-10 литр | дана | 20 | 20 | 10 | - | 20 | 20 | 7 |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | Жұмсақ резервуар | МР-15 (10) метр3 | дана | 2 | 1 | 1 | - | 2 | 6 | 10 |
| | | МР-5 (4) метр3 *және одан аз* | дана | 6 | 4 | 2 | - | 6 | 6 | 10 |
| | **4 тарау. Сапаны бақылау құралдары** | | | | | | | | | |
| 1 | Жанармайға, майлармен жақпаларға толық талдау жүргізуге арналған зертханалық жабдықтар жинағы *(қолданыстағы МЕМСТ-қа, ТЖ сәйкес)* | | жинақ | - | - | - | - | 1 | 1 | 10 |
| 2 | ВЛК типті тасымалды зертханалық жинақ *(РЛ типті қол зертханасы)* | | дана | - | - | - | - | 1 | 1 | 10 |
| 3 | Сынама сұрыптаушы | | дана | 1 | 1 | 1 | 1* | 1 | 1 | 10 |
| | Мұнай өнімдерінің сынамал | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | арын тасымалдауға арналған ыдыс *( У П типті)* | | дана | 2 | 2 | 2 | 1* | 4 | 4 | 10 |
| | **5 тарау. Өлшеу құралдары** | | | | | | | | | |
| 1 | Мұнай өнімдерінің деңгейін өлшеуге арналған метршток *(ұзындық өлшеуіш)* | | дана | 2 | 2 | 2 | 1* | 2 | 2 | 10 |
| 2 | Алюминий құймасынан жасалған цилиндрі бар мұнай өнімдері және отын компоненттерінің тығыздығын анықтауға арналған термометр орнатылған ареометр | | жинақ | 1 | 1 | 1 | 1* | 1 | 1 | 5 |
| | Салқындатқыш сұйықты | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 3 | ң тығыздығы мен қату температурасын анықтауға арналған ареометр *(Рефрактометр)* | | дана | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 |
| 4 | Октанометр | | дана | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 1 | 5 |
| 5 | Деңгей өлшегіш консоль *(отын деңгейін өлшеу жүйесі)* | | дана | 1 | 1 | 1 | - | 1 | 1 | 5 |
| | **6 тарау. Тазалау құралдары** | | | | | | | | | |
| 1 | Жанармайға арналған сүзгі | ФГН-120-20 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | ФГБ-120-5 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | ФГН-60-20 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | ФГН-60-5 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | ФГН-30-5 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | ФКФ-6-20 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | ФРГ-20 | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | | айырғыш | дана | - | - | - | - | 3 | 3 | 7 |
| | **7 тарау. Механикаландыру құралдары** | | | | | | | | | |
| | Жүк көтергіштігі | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 350 килограммнан кем емес, қол, электрлі немесе аралас жетекті бөшкекөтергіш *(транспортер)* | | дана | 1 | 1 | 1 | - | 1 | 1 | 15 |
| | **8 тарау. Қосалқы құралдар** | | | | | | | | | |
| 1 | Жанармай құю түтігі | | дана | 12 | 9 | 3 | - | 12 | 12 | 10 |
| 2 | 500 килограммға дейінгі тауар таразысы | | дана | 1 | 1 | 1 | - | 1 | 1 | 15 |
| 3 | Шлангілі газтұтқыш *(резервуарларды тазалау кезінде қолдануға арналған сүзу элементі бар ПШ-1, ПШ-2 типті)* | | дана | 1 | 1 | 1 | 1* | 1 | 1 | 7 |

Ескертпе: * - Контейнер типті автомайқұю станциясы бар жеке орналасқан бөлiнiстердiң жанармай қоймалары жабдықталады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК